



010000, Астана қаласы, «Министрліктер Үйі»
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

010000, город Астана, «Дом министерств»
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті мәжілісінің депутаттары
Ф. Сатыбаевқа, А. Перуашевке,
Д. Еспаеваға, А. Әбілдаевқа,
Е. Барлыбаевке, Б. Дүйсенбиновке,
С. Ерубайевқа, А. Жұмабаеваға,
Қ. Исаға, Е. Өмірғалиге,
М. Раманқұловқа, Ғ. Хамзинге

2022 жылғы 29 желтоқсандағы
№ ДС-398 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі 2021 жылғы 11 қарашадағы № 559 бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын тоқтату туралы депутаттық сауалға қосымшаға сәйкес ақпаратты жолдайды.

Қосымша: парақта.

Министр

Ғ. Бейсембаев

С. Базарбаева
742726



Издатель ЭЦП - Удостоверяющий центр Государственных органов,
Республика Казахстан, KZ, IIN690603302195, БЕКТАЕВИЧ

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) «ротация» ұғымы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының бастамасы бойынша 2021 жылы енгізілген. Заң жобасы бекітілгенге дейін мемлекеттік органдармен, оның ішінде еңбек жөніндегі уәкілетті органмен, сондай-ақ заң қызметтерімен келісуден өткен, оған Үкіметпен қорытынды берілген. Сондықтан Еңбек кодексіне қайшылық келтірмейді.

Заңның нормаларын іске асыру үшін «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 11 қарашадағы № 559 бұйрықпен бекітіліп, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 12 қарашада № 25128 болып тіркелді және мемлекеттің барлық аумағында қолданылады.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларына ротация жүргізу қағидалары Заңның 5-бабының 35-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларына ротация жүргізу тәртібін айқындайды.

Заңға және Қағидаларға сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялау – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының қарамағындағы мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары арасындағы бір елді мекен шегінде жүзеге асырылатын лауазымдық ауыстырулар.

Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысының бір білім беру ұйымында 7 (жеті) жыл жалпы өтілі бар болған жағдайда ротациялауға жатады.

Білім беруді басқару органдарының кадр қызметі ротация жүргізу үшін ротацияға жататын бірінші басшылардың тізімін қалыптастырады, одан кейін «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрықпен бекітілген (2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 өзгерістермен) (бұдан әрі – № 83 бұйрық) бірінші басшының жұмыс тиімділігінің көрсеткіштері бойынша оннан астам жұмыс бағытын қамтитын есеп қалыптастырылады. Тиімділік көрсеткіштері бойынша мәліметтерді материалдарды объективті және толық жан-жақты зерделеу үшін консультативтік-кеңесші орган болып табылатын және білім беруді басқару органдарының, әдістемелік кабинеттердің, бұқаралық ақпарат құралдарының, білім беру саласындағы қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен тұратын комиссия қарайды. Комиссияның мүшелері басшылардың құжаттарын субъективті бағаламайтынын атап өту қажет, себебі № 83 бұйрығында көрсеткіштер бойынша өлшемшарттар мен тиісті баллдар айқындалғандықтан, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша

азайтады. Ротациялауға жататын бірінші басшы қойылған баллдардың дұрыстығын, негізділігін қайта тексере алады.

Ротацияның мақсаты - бірінші басшының кәсіби әлеуетін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету. Сондықтан тиімді менеджерлер ротацияланады, ал тиімсіз менеджерлер ротацияға жатпайды, себебі олардың қызметінің нәтижелері білім сапасын арттыруды қамтамасыз етпейді. Басшылардың осы санаты үшін нормативтік құжаттарда басқа шаралар қарастырылған. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес үш жылда бір рет өткізілетін аттестаттау, басшылардың қызметінің нәтижесінде олардың мансаптық өсуін көздейді. Аттестаттау нәтижелері бойынша үздік директорлар біліктілік санаттарын және тиісінше – жалақысын көтереді, ал тиімді емес басшыларға Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес шешім қабылданады.

2022 жылда 961 бірінші басшы ротацияланды және жаңа білім беру ұйымдарында жұмыс істейді.

Алматы қаласы бойынша 2022 жылы 8 бірінші басшы ротацияланды. Ротацияланған бірінші басшылардан шағымдар түскен жоқ.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде:

1) мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялау білім беру сапасын арттыру үшін директорлардың кәсіби әлеуетін неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады. Осыған байланысты ротацияны тоқтату қарастырылмайды;

2) қағида бекітілгеннен кейін Министрлік бұйрық нормаларын түсіндіру бойынша кең ауқымды жұмыс жүргізді. Мәселен, түсіндіру жұмыстары:

- аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім бөлімдері, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары;
- мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары;
- жергілікті кәсіптік одақтарымен жүргізілді.

Сондай-ақ білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету бойынша аумақтық департаменттердің қатысуымен кеңестер ұйымдастырылып, министрлік брифингтер өткізді, посттар орналастырды, бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші басшыларды ротациялау қажеттілігі мен тәртібі туралы сұхбат берді.